

Тәуекел түбі жел қайық мінесің де өтесің,
уәйім түбі тұң қиық түсесіңде кетесің.

Тез баюдың жолы

немесе

арманың орындалсын десең...

Өзіңіздің ой-санаңыздың мүмкіндігін пайдаланып,
байлық пен сәттіліктің құпиясын ашыңыз.

Ойлан.
Іске асыр.
Байи түс.

Ділдабекова Т.А.

Тәуекел түбі жел қайық мінесің де өтесің,
уәйім түбі тұң қиық түсесіңде кетесің.

***Тез баюдың жолы
немесе
арманың орындалсын десең.....***

Өзіңіздің ой-санаңыздың мүмкіндігін пайдаланып,
байлық пен сәттіліктің құпиясын ашыңыз.

*Ойлан.
Іске асыр.
Байи түс.*

Алматы 2006 жыл.

Ділдабекова Т. А.

Тез баюдың жолы немесе арманың орындалсын десең... .

***Барлық құқықтар авторлық заңының құқықтарымен қорғалған.
Автордың жазбаша келісімісіз кітапты көбейтіп қайта басуға, сілтеме
жасауға рұқсат етілмейді.***

Бұл кітапшада логикалық тұрғыда жазылған ақыл-кеңестер бұрын оқырмандарымызға қазақ тілінде ұсынылмаған болатын. Біздің байқауымызда кітаптағы материал оқырманға ой саларлық, әрекет қылуға, ізденуге жетелейді.

Құрметті оқырман!

Біз ұсынып отырған бұл кітап қазақ тілінде тұңғыш шығып отыр. Бұл күндері байлыққа жету жолдарын көрсететін өзге тілдердегі кітаптар аз емес.

Қазақ тіліндегі осы кітапшамен біздің елдің мыңдаған адамдары танысып өздерінің жоспарлары мен ойларын жүзеге асыра алады. Пайдалы көмегін тиімді жүзеге асырып баюдың жолын табады деп сенеміз.

Әлемнің жүздеген адамдары байлыққа жетуінің сиқырымен, ақша табудың құпиясын осындай пайдалы кеңестер арқасында білген.

Біз бұл кітапты **МІНДЕТТІ** түрде басынан аяғына дейін оқу керектігіне назарларыңызды аударғымыз келіп отыр. Керек болса ақша табудың құпиясын білу үшін, кітапты бар ынтаңызды аударып 2-3 реттен оқысаңыз дұрыс болар еді. Оқыған кезде шыдамдылық сақтап, бар зейіңізді салыңыз.

Осы кітаптың алғашқы бірнеше парағын оқыған соң, сіз бұл кітаптың еш мағынасы жоқ деген ойға келуіңіз мүмкін. Олай емес, бұл кітапта мультмилиардерлердің бастан кешкені мен олардың табысқа қалай жеткені жайлы, оның амалдары мен ережелері туралы айтылған. Бұл кітап сіздің байуыңызбен, өсіп өркендеуіңізге жол нұсқайтын құрал. **Сондықтанда, күндердің күнінде сіз айтарлықтай байып өз арманыңызға жетсеңіз таң қалмаңыз.**

Сіз оң өзгерістерге іштей дайын болсаңыз ол міндетті түрде орындалады!

Бұл кітаптағы мысалдар шынайы өмірден алынып отыр. Осы кітапта, айтылған байлыққа жетудің амалдары мен ережелері, сізді өмірдің барлық бағытында тек сәттілікке жетуіңізге өзінің игі ықпалын тигізетініне сенеміз.

Автор.

Арманыңды жүзеге асыру жолы.

Құрметті оқырман! Біз сіздің ойлаған арманыңыздың орындалу жолдарының құпиясын ашқалы отырмыз. Егер сіз бұл құпияларды пайдалансаңыз, сіздің арманыңыз орындалып жүзеге асады. Бірақ та ол арманың орындалуының сізге қажеті бар ма? және ал егерде ол орындалса, не болмақ деген сұраққа өзіңізге-өзіңіз жауап бергеніңіз дұрыс. Ең бастысы, ол арманыңыз тек сізге емес, басқада адамдарға не әкелмек, соны айқын білген дұрыс.

Бүгінгі күні барлық адамды мазалайтын ең басты сұрақ: «неге біреуі бай, неге біреуі кедей»? «Неге мен бай емеспін»? «Неге менде молынан ақша жоқ»? «Неге менде көлік жоқ, пәтер жоқ, ал біреуде бәрі бар»? «Неге біреу біреуден асып түседі»?.

Адамның қалауымен арманының орындалуының өз заңы бар. Егер сіз бір затты сатып алуды армандасаңыз, сіз міндетті түрде күндердің күнінде, әйтеуір оны сатып аларсыз. Осыған орай, менің бір ағайынымның баласының әңгімесі есімнен шықпайды. Бірнеше жыл бұрын мен Алматы қаласына ауылдан жұмыс іздеп келген қазақ жігіттерінің біреуі едім; - дейді ол. Тұратын үйім жоқ, ішерге асым жоқ қалтамда бар болғаны «шабашка» жасап тапқан 1200 тенге. Өлі есімде дейді ол, Алматы қаласының автобус аялдамасының бірінде тұрған едім, кенет көше қиылысының сфетафорына судай жаңа «Мерседес» автомобилі тоқтады. Мен әдеттегі пендешілікке салынып,

шіркінай осы мерседесті айдаған адамның арманы жоқ шығар деп ойлады.

Осы сәтте, аузымнан қалай шыққанын білмеймін, әйтеуір айтқан сөзім: Қайтседе менде де «мерседес» болады - дедім, деді ол. Арада 7 жыл өткенен кейін жағдай күрт өзгеріп кешегі зорға күнін көріп жүрген осы ағайынымның баласы, машина сатып алды. Қандай машина десеңізші баяғы өзі көрген мерседестің жаңасын. Әрине біреу айтар, 7 жыл деген көп уақыт, оған дейін кім бар кім жоқ дейсін. Дегенмен ауылдан жұмыс іздеп қанғып келгеннің бір күнде, мейлі бір айдың ішінде өз еңбегімен, ой-амалымен машина сатып алуы, әрине мүмкін емес. Бірақта сіз ұтыс лотереясын сатып алып, оны ертеңгі күні-ақ ойнатып дәл сондай «мерседес» ұтып алуыңыз мүмкін. Дегенмен, лотерея ұтып алудың шындыққа үлеспейді-ау, мүмкін емес-ау дейсіз, бірақ сәттілік пен сәтсіздіктің арасы бір-ақ қадам, соны ескерген жөн.

Дегенмен, өз басым ел-жұртқа осы арманның орындалуының ең басты заңын көп айтумен жүрмін. Айтарым: көп адам өз арманын жасырын өзінде ұстайды, менің айтарым өз арман-қиялыңызды өз еркіне жіберіңіз. Мысалы: Көгершінді қолыңызбен басып отырсаңыз, әрине ол көгершіннің аспанда ұшып жүргенін көру мүмкін емес. Сіздің арманыңыз сол көгершін сияқты, сол себептен арманыңыздың орындалуына күмән келтірмей, еркіндікке қояберіңіз. Әрине, арманыңыз күделікті өмірлік шындыққа жақын болуы тиіс. Мысалы: сарт

санасымен байиды деп қазақ айтпақшы қайдағы қиял-ғажайптың орындалуын талап етуден ойыңыз бен бойыңызды аулақ ұстайды деп сенемін.


«Жақсы сөз, жарым ырыс, дейді қазақ халқы. Сол себептен айтарым жаман ой, жамандықты тудырып, бәле-жаланы жақындатады. Ал жақсы ой-жақсылыққа, шатыққа әкеледі. Өйткені кезкелген жаман (теріс) ой, сіздің еркіңізсіз сол сәттен бастап-ақ жүзеге асу сапарын бастайды. *Мынаны әрқашанда есте сақтаған жөн: Жамандық туралы еш қашанда айтпаңыз, не біреуге немесе өзіңізге жамандық тілемеңіз. Өз ақыл ойыңда жаман ой, теріс пиғыл қалыптастырмаңыз. Жаман ой немесе теріс пиғыл арқылы сіз жамандықты жақындата түсесіз. Мысалы: шешеміз немесе әкеміз әдетте тым тынымсыз кішкентай балаға «мынаның құйрығына құрт кіргенбе, қазір мұндай кейін өссе не болады, бірдеңені бүлдіреді- ау, осыма осы кейін бәле болып жүрмесе болды» деп айтқанды жиі естиміз. Осы сөздер арқылы сол әкеміз не шешеміз, өсіп, жетіп келе жатқан баланың ақыл-ойын жастайынан жамандыққа баулап, оның келешектегі өміріне өзі білмей нұсқан келтіреді. Сол себептен сөзімізбен ойымызды топшылап, айтқан әрбір сөзге абай болуымыз қажет.*

Күнделікті өмірде «көз тию», «қарғыс» сияқты түсініктер жиі кездеседі. Кейбір кезде осындай түсініктерді өзіміздің туған ана, әкелерімізден, аға-інілерімізден жиі еститініміз бекер емес. Мысалы: кішкентай інісін әкпесі немесе ағасы ойнап

жүріп жылатып қойса, інісі бақырып жыласа шешесі әпкесі мен ағасына ұрысқан болып, «жүгермек, қолың сынғыр неге жылатасын» деп айтқанды жиі естиміз. Міне, осы жерде туған шешесі абайсызда өз баласына қарғыс тілегенін байқауға болады. Әрине мұндайға қазақ *«Әке қарғысы оқ, шеше қарғысы боқ»* деп қоя салады. Бірақ, сонда да күделікті өмірде жақын туыстарымызға, ағайындарымызға өзіміз ғой деп, ойымызға келген сөзді айтудан аулақ болуымыз жөн. Өйткені әрбір айтылған жаман сөз теріс энергия яғни адам денсаулығына немесе организміне теріс әсер ететін күш-қуат екенін ескерген лазым.

Арман- қалауларыңыздың орындалуының келесі бір заңы - реттілік немесе «белгілі бір уақытта қалауыңыз бен арманыңыз бір болуы қажет». Біз ұтыс лотереясынан бір нәрсе ұтып алу үшін лотерея билетін сатып аламыз осы кезде, басымыз әртүрлі қилы-қилы ойға толып кетеді: Яғни шіркін ұтыс шықса. Машина ұтып алсам, инамарка шыға қалса тіпті жақсы, шіркі-і-і-і-н 100 миллион тенге ұтып алсам, жұмыс істемеймін. Шалқып жатып өмір сүрер едім. Мінекей байқасаңыз қаншама арман, қаншама ой. Бұл армандардың орындалуы тұрмақ, басынан аяғына дейін айтып шығуыңыздың өзі күрделі. Сіз осы қилы-қилы ойыңызбен армандарыңыздың орындалуының қалауын шатастырып, еш бір мүмкіндіксіз, нәтижесіз қалдырып отырсыз. Сол себептен белгілі бір уақытқа тек бір қалауыңызда немесе бір арманыңыздың орындалуын

тілеу қажет. Өйткені сіздің ақыл-ойыңыздың күші, және сіздің денеңіздегі күш - қуат энергиясы жан жаққа тарап, өз күш қуатын жоғалтады. Сол себептен белгілі бір уақытқа тек бір ғана қалаудың немесе арманның орындалуын бар күш, ой жігеріңізбен тілеңіз. Мысалы: лотереяны ұтып алдыңыз не істеймін немесе не сатып аламын деп басыңызды қатырып, ой - күш жігеріңізді босқа жібермеңіз. Осы жерде сіздің мақсатыңыз «ұту», тек ұту. Ал машина болама, үй болама немесе 100 тенге болама, онымен басыңызды қатырмаңыз (суретті қараңыз).



Келесі заң - қалауыңызбен арманыңызға өзіңіздің энергияңызбен күш қуаттыңыздың көмегі. Өз қалауыңыз бен арманыңызды күш қуат энергиясымен зарядтаңыз. Дәлірек айтқанда, тек өз бойыңыздағы күш қуатымен шектелмей,

арманыңызды сеніммен қолдаңыз. Өйткені, адаммың өз мақсатына жетемін деген сенімі болмаса, ол мақсатына жетуі екі талай. *«Күшті болса сенімің, алыс емес жеңісін»* деп қазақ айтқандай, арманыңызбен қалауыңыздың орындалуы сіздің өзіңізге, және жеңісіңізге деген сеніміңізден басталады. Сол себептен қалауыңызды нақты әрі айқын етіп көз алдыңызға елестетіңіз. Егер

қалауыңыз үй болса, онда үйдің, оның тұрмысын, жиһаз орнын және де сол үйде өзіңіздің тұрып жатқаныңызды көз



алдыңызға елестетіңіз. Сіз өз елесіңізді күшейте түсіріп, барлық ой, күш-қуат энергиясын оны елестетуге жіберсеңіз, қалауыңыздың орындалуының жүзеге асуының мүмкіндігі зор.

Асықпаңыз, шыдаңыз. *«Асығып қимылдасаң аяғың етігіңе шалынысар»* дегендей әр істе шыдамдылық қажет. Өзіңіз ойлаңыз, баланың дүниеге келуіне 9 ай қажет. Сол секілді, қалауыңызбен арманыңыздың орындалуын ең алдымен ойыңызда, жадыңызда ұстап, оны бірнеше мәрте көз алдыңызда жүгіртіп, бар жан тәніңізбен сол ойға батуыңызды талап етеді. Өз мүмкіндіктеріңізді шынайы бағалаңыз. Өйткені, өзіңіз білетіндей машинаны жүргізу үшін, алдыменен оны айдап үйрену керек. Сол үшін, әрқашанда өз ісіңізбен, ойыңыздың

сәттілігіне күмәнданбаңыз. «*Бір құмалақ, бір қарын майды шірітеді*» дейді. Егер сіздің ісіңізбен ойыңыздың жүзеге асуына бір түйір тарыдай күмән болса, не сенімсіздік болса, барлық ой-қалауыңыздың орындалуымен қош айтысуға тура келеді. **Өз арманыңыз бен ойыңызды кекетіп, мазақ қылып, ойынға айналдыратын кісілермен ой-бөлусіден аулақ болыңыз.** Өйткені, олар сіздің бойыңызға, ісіңізге сенімсіздік тудыратын ойға әкеледі. Оған керісінше, егер біреу сізге сенсе, оның ойына күмән келтірмеңіз, көмек қылыңыз, өзіне сенім артыруға, жақсы сөз айтып, рухын көтеріп өз септігіңізді тигізіңіз.

Ой-өрісіңіздің күш қуатының мүмкіндігін пайдаланыңыз, бұл күш қуат сізді жеңіске, байлыққа, молшылыққа алып шығады.

Сізге айтарым: Өз миыңыздың, дәлірек айтқанда басыңыздағы сол мидың жұмысының нәтижесі яғни ақылыңыз бен ой-өрісіңіздің жұмыс істеу қабілетін білу үшін физика, биология немесе басқада ғылымдардың заңдарын білу оның шынайы болмыстық мәнін түсіну қажет емес.

Біз өз өміріміздің болмасын екі жақты тұрғыдан қарастырғанымыз жөн. Біріншісі - материалдық болмыс, яғни күнделікті өз көзімізбен көріп жүрген, үй - жай, мүлік, машина, адамдар және тағы басқа нәрселер мұның бәрі шынайы болмыс яғни шынайы өмір. Екіншісі - өзіміздің ішкі ойымыз, сана-

сезіміміз, арман-қиялымыз яғни күнделікті ойлап жүрген ойымыз, қысқаша айтқанда біздің ой-санамыз.

Осы ой-сана дегеніміз не, оның не қасиеті бар? - деген сұрақ тууы мүмкін. Осыған орай айтарым, ой-сана дегеніміз бұл үлкен мүмкіндігі бар, алып қуатты күш. Өзіңіз білесіз ойсыз адам болмайды. Ойсыз тек өзінің іс әрекетіне, қылығына жауап бере алмайтын жан иесі немесе мал. Осы ой-сана сіздің ең бірінші, ең маңызды бөлігіңіз болып табылады. Иә, сіз бір қимыл әрекет жасау үшін ең алдымен ойлайсыз, қайда барам, немесе не істеймін дейсіз. Сол себептен сіздің ойыңыз дененіздің басқа мүшелеріне қарағанда әлдеқайда жоғары және маңызды болып табылады. Сондықтан да, сіздің ісіңіздің сәттілігі, алға басуы ең бірінші сіздің ой-санаңызға байланысты. Кез келген ой түптің түбінде белгілі бір заттық формаға ие болады. Мысалы: Сіз машина сатып алар кезде, сіздің бірінші ойыңыз қандай машина «АУДИ», «МЕРСЕДЕС», «МАЗДА» әлде «ЖИГУЛИМЕ», сосын барып оның жылын ойлайсыз 1998, әлде 2005 жылғы ма, содан барып түсін ойлайсыз қызыл ма, жасыл ма, ақ па, әлде күміс түстес металикпе, осының бәрін ойлап, ойыңызға тоқығаннан кейін барып машина аласыз. Мінеки, осының бәрі ойдан басталып, алғы затқа яғни машинаға айналады.



Бір мәрте қайталанған ойдың айтарлықтай күші болмайды, оның күшін арттыру үшін бірнеше рет қайталап, әр нәрсеге алаңдамай сол ойға бар жан тәніңізбен берілуіңіз, ойша үңілуіңіз керек. Ойдың бірнеше рет қайталануынан, оның яғни ойдың затқа айналуының мүмкіндігі арта түседі. Мұны оңай

түсіну үшін мынандай мысал келтірейік, көз әйнектің (линза) шишасын күнге ұстап одан өткен күн сәулесін ағаш немесе қағаз бетіне, бір нүктеде қимылдатпай



түсірсеңіз, ол зат қызып, күйіп, түтіндей бастайды, егер ұзақ ұстасаңыз оның жанып кетуі ғажап емес екендігін бәріміз білеміз. Ал егерде көз әйнек шишасын әрі-бері қимылдатып, қозғай берсек күн сәулесінің қызуы жан жаққа тарап күші болмай, ешқандай түтін де, тіпті қызуы да болмайды. Сол секілді өзіміз жастайымыздан естіп жүрген: *«Көшет ексең қозғама оданша оны күт бапта, сонда аларсың мол алма»* деген қанатты сөз бар. Сол сияқты, ойымызды да бір жерде ұстамай, жан жаққа шаша беретін болсақ, ол ойдан түкте шықпайды, ал оның затқа айналуын күту бос әуремен тең. Сол себептен, ойды белгілі бір діттеген нәрсеге бағыттау керек.

Сондықтанда, сіздің әрбір ойыңыз, нанымыңыз қалауыңыз, көз қарасыңыз үмітіңіз, қорқып тартыншақтағаныңыз, қайғы-уайымыңыз сіздің ой санаңызға

тікелей әсер етіп, қоршаған ортаңызға ықпал етеді. Сол себептен, сәттіліктің бірінші қадамын бастау үшін ең бірінші: Өз ойыңызды дұрыс бағытта ұстап баптаңыз. Әр адамның өмірі мен тағдыры өз қолында. Мысалы көп адам, өмірдің қиындығын нарықтың қымбаттығын, ақшаның жетіспеушілігін сылтау етіп, шағымданатынын бәріміз білеміз. Осы жерде айтып кететінім, бұл адамдардың молшылыққа, байлыққа жетуі екі талай. Өйткені, бұл адамдар өздерінің ойымен кедейшіліктің, жетіспеушіліктің суретін, бейнесін өздерінің ой санасына жазып, миына бишаралықтың тамырын кіргізіп жіберген. Егер сіз бәрінен де үміт үзіп мысалы, ой мұндай үй, машина бізге алу қа-й-да-а, деп қолыңызды сілтеп күдеріңізді үзіп, өміріңізді жалғастырып жүре беретін болсаңыз, сіздің шынындада ол молшылыққа жетуіңіз мүмкін емес.

Ертеңнен-қара кешке дейін өліп талып жұмыс істеп соның нәтижесінде менің өмірім жақсарды деген ұғым қате. Әрине жағдайыңызды түзеу мүмкін шығар, бірақ одан асып түспейді. Өйткені қазақ *«Арбакештің ақысы арбасын жөндеуден артылмайды»* деп бекер айтпайған ғой. Сондықтан да, бұл жағдайды өзгерту үшін, сіз ең алдымен өз ой-санаңызды өзгертіп, арнаулы бағытта дамытып, баптауыңыз керек.

Өзі іскер, әрі жолы болғыш, бай қуатты кісінің ой-санасы тек сәттілікке оңтайлы ойға бағытталған. Бай қуатты кісінің ой-санасы тек молшылыққа бағытталып, оның ойы тек даму, өсу, жетістікке жету, одан ары өрлеу сияқты ойдың өрісінде

болады. Бұл оның басқаларға қарағанда ой-санасының ерекшелігі.

Ең алдымен сіз белгілі бір шешімге тоқтаңыз, яғни сіздің нақты бір уақытта қажеттілігіңіз неде? Егер денсаулық туралы болса онда өзіңіздің денсаулыққа байланысты ой-санаңызды дамытып отырыңыз. Егер ақша, қаражат жағы болса, онда өзіңіздің ой-санаңызды молшылыққа, байлыққа баптап, оң бағытта дамытып отырыңыз. Сол себептен сізден талап етілетіні өз ой-санаңызбен жұмыс істеңіз, егер де ой-санаңызды қажет күш қуатпен қамтамасыз етсеңіз (жақсы оймен) сіз алға қойған мақсатыңызға жететіңізге күмән жоқ.

Бұл үшін айтып кететінім, қандай да бір білімнің, ерекше дарынның немесе қасиеттің қажеті жоқ.

Белгілі бір іс әрекеттің ойда жүзеге асуының көрінісі

Белгілі бір іс әрекеттің ойда жүзеге асуының көрінісі дегеніміз - әлі жүзеге аспаған іс әрекетті өзіңнің белсенді түрде қатысуының көрінісін ойша көңілде елестетіп, көз алдына келтіру.



Мәселен, әйгілі спортсмен, киножұлдыз, миллионер бүгінгі күні Ақштағы саясаткер-губернатор Арнолд Шварцнейгердің аты көбімізге танымал. Кезінде бұл кісі



қалтасындағы бар жоғы 25 доллармен Америкаға өз бақытын іздеп келген көп спортсменнің бірі. Оның айтуынша, оның қазіргі жағдайда, бай - қуатты, беделді әйгілі киножұлдыз болатынын ол сонау 1950 жылдардың орта шенінде, бала кезінен ойда жүзеге асырып, оның көрінісін көз алдына сан рет елестеткенін жасырмай айтады. Мен дейді, ол, күн сайын өзімнің әйгілі спортсмен, киножұлдыз екенімді көз алдыма елестетіп, бар ой-санамды соған бағыттап өстім дейді. Сол кездегі ой-санамда «мен жеңіске жетемін» деген түсінік жазылып, барлық күмән, қорқыныш, сенімсіздікті ойымнан біротала алып тастадым. Егерде маған біреу қой мынауың бос бекер сандырақ бала, жерге түс, армандардың бәрі бірдей орындалмайды деген болса, сол күнен бастап ол кісімен сөйлеспей қоюға баратын едім. Өйткені, ол кісінің сөзі мендегі сол кездегі ең бар байлығымды яғни ой арманымды жоққа шығарып, мендегі ертеңгі күнгі жақсылықтың келетініне күмән тудырып, өзіме деген сенімді жоққа шығарар еді.

Ал бүгінгі күні осы Арнолд өзінің жетістікке жетуінің жұмбағы жоқ, тек бар сиқыры еңбек ету, өз жеңісімді ойда жүзеге асыруының көрінісінің жемісі екенін барлық елге аян етеді.

Іс әрекетті ойда жүзеге асуының көрінісінің нәтижелі құпиясы.

1) Ең алдымен өз қажеттілігіңізді айқындаңыз: Мысалы: оқуға түсу, жұмыс бабымен жоғарылау; біреумен танысу; көп ақша табу, лотерея ойынынан ұту;



2) Өзіңізді еркін ұстап, бойыңызды еркіндікке жіберіңіз. Бірнеше минутқа ойыңызды барлық бөтен нәрседен арылтып, жан және тәніңізді босатыңыз.

3) 5-10 минут бойы өзіңіздің қалауыңызбен арманыңызды ойша көз алдыңызға елестетіңіз. Осы сәтте, бар ой-санаңызды



қалауыңыздағы немесе арманыңыздағы іс әрекетті: нүкте-үтіріне дейін елестетуге бағыттаңыз. Көз алдыңыздағы елесті өзіңіздің шынайы өмір деп қарастыруға тырысыңыз. Дәлірек айтқанда, бар елесті өзіңіздің қатысуыңызбен кинофильмді көріп отырғандай сезініңіз.

Мұндай да ең бастысы тәжирибе. Өйткені іс әрекеттің жүзеге асуының көрінісін елестетуде көп адамдар бастапқы

кезде қиындыққа тап болады, өйткені бірден өзінді басқа жағдайда елестету өте қиын. Оның себебі, күнделікті өмірдегі құбылыстар бейнесі сіздің миыңызға фото сурет ретінде алынбастай етіп жазылған. Оған сіз қобалжымаңыз, уақыт өте күнделікті қайталаудың нәтижесінде сіз күмәнсіз әжеп тәуір нәтижеге жетесіз.

Бастапқы кезде өз іс әрекеттіңіздің жүзеге асуының көрінісін елестеуде нақты әрі айқын бейнені көруді талап емес. Бірте-бірте елестетуді жиілетудің нәтижесінде сіз өз іс әрекеттіңіздің жүзеге асуының көрінісін айқын және нақты көре бастайсыз. Сіздің миыңыз осы жағдайда жұмыс істеуге дағдыланып, өз іс әрекеттіңіздің жүзеге асуының көрінісін елестетуге өз септігін тигізеді. Бұл сіздің елестетулеріңіз күнделікті үйреншікті жағдайға айналуға тиіс.

Бұл құбылысты сіздің қалауыңыз бен арманыңыз жүзеге асқанша тоқтатуға немесе үзуге болмайды. Егер сіздің ой-санаңызда осыған байланысты қандайда бір күмән пайда болса, (бастапқыда ол міндетті түрде болады) оған көңіл аудармауға тырысыңыз. Бұл жерде ең бастысы іс әрекеттіңіздің ойда жүзеге асуының көрінісін күнде үзбей елестету.

Іс әрекеттің ойда жүзеге асуының көрінісін нәтижелі елестетудің екі алғы шарты бар:

1. Өзіңіздің мақсаттарыңыздың жүзеге асуын, әрқашанда дәл қазір шынайы өмірде басыңыздан кешіп отырмын деп елестетіңіз. Өз ой-санаңызда бұл құбылысты барынша

шындыққа үйлесімді етіп елестетіңіз. Елестету барысында іс әрекеттіңіздің нүкте үтіріне дейін айқындауға тырысыңыз. Бұл іске жан-тәніңізбен беріліңіз.

2. Ойша өз қалауыңызбен арманыңызды күніне 2 рет елестетуді әдетке айналдырыңыз.

Әрине, осы айтылғандардың нәтижесінде, ертең немесе бірсүгіні сізге бейтаныс кісі бір бума ақша беріп немесе аяқ астынан қазына тауып алып байып кетесіз деген тұжырымнан аулақпыз. Бірақ, күндердің күнінде сіз ойлаған армадарыңызға жетеді деп толық сенім білдіремін және сізді сендіремін. Өйткені сіздің ой-санаңыз, сіздің түсінігіңізге қарағанда анағұрлым күшті, әрі зор болып табылады. Бұл тұжырым біреудің қиял ғажабы емес, өмірлік тәжірибесімен дәлелденген шынайы өмірлік құбылыс.

Ой-түйу.

Біздің түсінігімізде ой-түйу дегеніміз белгілі бір сезімдердің пайда болуы. Ой-түйудің, іс- әрекеттің ойда жүзеге асуының көрінісін елестетуден айырмашылығы, ой-түйуде сіз бар назарыңызды немесе көңіліңізді елестетуді сезінуге (сезім арқылы) бағыттайсыз. Мысалы: Егер сіз шынайы өмірде лотерея ұтысын ұтып алсаңыз қандай сезімде болар едіңіз, әрине қуанатын едіңіз.



Сол себептен сіз ойыңызда лотерея ұтысын ұтып алдыңыз деген көріністі көз алдыңызға елестетіңіз, бірақ бұл елестеу шынайы өмірде лотерея ұтысын ұтып алғанда қалай қуансаңыз, елестету барысында тура солай яғни жән-тәніңізбен қуанып елестетіңіз.

Сіз өзіңіздің ой-санаңызға деген сенімімен өмір сүруіңіз қажет. Өзіңіздің ой-санаңызда қалауыңызбен арманыңызды орындалды деп, өзіңізді сезінуге тырысыңыз. Мысалы «мен машина сатып аламын» деген тұжырымды «мен машина сатып алдым» деп ауыстырғаныңыз жөн. Өйткені сіздің ойша елесіңізде сіз «машинаны сатып алып қойдыңыз» яғни мұны өтіп кеткен оқиға ретінде қарастырғаныңыз жөн. Сонымен қоса, ойша өзіңізді-өзіңіз құтықтаңыз, шын көңілмен қуаныңыз жас балаға ұқсап күліңіз, секіріңіз өз қуаныш сезімдеріңізді өзіңізден жасырмаңыз.

Ой-санаңыздың мүмкіндігін пайдаланыңыз.

Өмірлік тәжирибе көрсетіп отырғандай, сәтсіздіктің бірден-бір себебі адамдардың өз ойын жүзеге асыру барысында, қиыншылыққа тап болған кезде көп ұзамай-ақ, қой мынауыңнан түк шықпас деп күдер үзуі. Мұндай сезім адам баласына әсіресе өзіміздің бауырларымызға тән қасиет. Мұны сіз естен шығармағаныңыз жөн.

Шынайы өмірге ұласатын ойды ұстансаңыз сіз сәттілікке жетесіз. Сіз ой-санаңыздың мүмкіндігін пайдаланып, ойлай

бастағанда, сол ойдың нәтижесінде, әл-қуатыңыз байи түседе. Өйткені, болашақ байлық сіздің ақыл ойыңыздың, ой-санаңыздың белгілі бір мақсатқа бағытталғанына тікелей қатысты.

Адам баласының бір ерекшелігі «мүмкін емес», «мынадан түк шықпас», «тым қиын», «менің қолымнан келмес» деген секілді сөздерге бейім жүреді. Осы жерде неге адам баласы осы сөздерге жақын, немесе бірден әлсіздік танытады деген сұрақ пайда болады. Оның жауабы адам өзінің ерекшелігіне сай қорқақ, күмәншіл, үрейшіл болып келеді.

Мысалы: Адамға түнгі қаранғылық үрей туғызады. Неге? Өйткені, адам қаранғылықтың өзінен қорықпайды, адамға үрей туғызатын алдында не бар екенін көрмеуінде, егер алдында электршамы жанып тұрған болса әрине ол қорықпас еді. Сол себептен, адам баласы «мүмкін емес», «бұл менің қолымнан келмес» деген сөздер адамның жаратылысының өзіндік ерекшелігін яғни әлсіздігін көрсетеді. Ал сәтсіздік осы әлсіздіктен немесе өзіне өзі сенбейтіндіктен, әр түрлі үрейлерден сескенетін адамдарға жақын болады. Міне осыған байланысты біздің мақсатымыз осы адамдарға өз үрейлерінен айығып, өзіне деген сенімділігін артыру болып табылады.

Адам баласының өз үрейімен қоса, басқалардың да сенімсіздігін жоққа шығарып, өзінің ой-сана-сының «ерік күшінің» басқаларға оң әсерінің бір мысалы Американдық, әйгілі Г.Форд болып табылады. Бәріміз білетін «форд»

автомобилі, оның ішіндегі 160 аттың күші бар 8 цилиндрлі двигателінің кіндік атасы осы кісі екенін біреу білсе біреу білмейді. Сіздің есіңізге салып қойатын бір жай, бұл кісінің бар жоғы 6 класс білімі бар. Бірақ басқа адамдарға қарағанда өзіне сенетін, мол қайрат ерік күші бар, өз-санасының мүмкіндігін пайдаланып дүние жүзіне әйгілі кәсіпкер, миллиардер, талай адамға үлгі болған ерекше тұлға.

Өмірдің жаңа талабына сай, Г.Форд жаңа автомобиль шығаруды жөн көрді. Бұл автомабиль деді Г. Форд двигателінің



күштілігімен, басқа
автомобилдерден
ерекшеленуі қажет деді,
ол өзімен серіктес
инженерлерге. Арада
бірнеше ай өткеннен соң,
оның серіктес

инженерлері, Г. Форд ойланған двигательді жасау мүмкін емес деген қортындыға келді. Оған жауап ретінде Г.Форд серіктестеріне *«сендер двигательді жасамастан бұрын ой-санаңыздың бар мүмкіндігін пайдаланып оның қалай жұмыс істейтіндігінің ойда көрінісін елестетіңіздер содан барып оның механизмдерінің тетіктерін қағазға түсіріңдер»* - деді. Бірақ арада бірнеше ай өткеннен соң инжинерлер, сіздің айтқаныңызды жүзеге асыру мүмкін емес, дегенді айтты. Сонда Г.Форд *«Егерде біз бұл двигательді жасамасақ, ертеңгі*

күніміз жоқ, жұмыстарыңызды жалғастырыңыз» - деп талап қойды. Көп ұзамай, Г.Форд бастаған инженерлер жаңа двигательді ойлап тапты. Ол қазіргі таңда дүние жүзіндегі барлық машиналарда тұрған V 8 (яғни 8 цилиндрлі) двигателі.



Мінекей, Г. Форд өзінің сенімімен, күш қайратымен, өзінің серіктес инженерлеріне, адам арманын орындауға болады тек, ой-санаңызды дұрыс бағыттап, еш үреймен сенімсіздікке жол бермесеңіз ойыңыздағыны жүзеге асыруға болатынын дәлелдеді. Сондықтан да, әрдайым- *«менің тағдырым яғни болашағым өз қолымда, менің ертеңгі өмірімді менің бүгінгі ой-санам қалыптастырады»* деген тұжырымды қашанда үлгі етіп ұстаныңыздар. Егер сіз өзіңіздің ой-санаңызды ақшалы кісінің ойы сияқты бағыттап баптасаңыз, оның жемісін ертең-ақ көретініңізде күмән жоқ.

Нені есте сақтаған жөн:

Адам, қалтасында жұмсарға ақшасы жоқ, киерге киімі, ішерге асы жоқ болса да, өз-өзіне деген сенімділігімен байлық пен молшылыққа жету құштарлығының күш-қуаты, қалауымен арманының орындалуына мүмкіндік береді. Көп адам өз

арманының орындалуына екі қадам қалғанда, шыдамы мен ерік-күшінің жетіспеушілігінен, күндер үзіп, сәтсіздікке ұшырағандардың санына қосылып, ақырында бәріненде айырылады. Сізге айтарым, ондайға жол бермеңіз. Жеңіске жеткізетін тек шыдамдылық.

Мақсат.

Әр адамның өзіндік кішігірім ішкі дүниесі бар. Осы кішігірім дүниесінде арман-қиялдың саны әр алуан. Оның күндердің күнінде орындалуына медеу болатын- үміт.

Бірақта кезкелген үміттің орындалуы үшін оның яғни үміттің бірте-бірте мақсатқа айналуы қажет. Осыған орай, осыдан он шақты жыл бұрын болған оқиға есіме түсіп отыр. Мен, жұмыстан шаршап, шалдығып үйге енді жеткен кезім еді. Айлық алмағанымызға 3 айдан асып кеткелі қашан. Әйтеуір ептеп күн көріп жүрген кезіміз еді. Міне бүгін де айлық бермей, тек 800 тенгедей аванс ретінде беріп бас бухгалтердің бәрімізді шығарып салмасы бар емес пе. Әйтеуір, оғанда кінә жоқ, шынында да аудан ақша бермесе қайтсын.

Содан кешкі асымды ішпей тұрып, үйдің тіршілігін істеп зорға болып едім. Үйдің жанындағы кішкене арық талдың жапырағымен кір қоқысқа толып, ағып жатқан су тасып, есік алдындағы ауланы басып кетті. Үй қажетіне керек деп аз ғана жүгерінің дәнді сабағын түсірткізіп едім, оның бәрі рәсуа болып судың астында қалды. Осының бәрі ашу- ызамды

келтіріп не істерімді білмей тұр едім, кенет, есік алдына көршінің 6 жасар қызы келіп, айқайлап мені шақырып тұр екен. Мен қасына барып, неге келгенін сұрадым. Сөйтсе, шешесі менен қарызға ақша сұратып жіберіпті. Оған мен «айналайын менде бар болғаны 800 тенге, оны саған қайдан берейін» десем, жаңағы кішкентай қыз, «бүрсігіні папам келеді ақыңызды кешіктірмей береміз» деп қарап тұр.

Бұнысына ызам келіп, менде ақша жоқ, бере алмаймын десем, «ту-у тәте 800 тенгеңізді бере беріңіз, тірі адамбыз ғой тегі» деп жасына жетпей сайрап тұр. Мен оның бұнысына ерегісіп, естімегенсіп бұрылып кете бердім. Су болған жүгерінің дәнін жинап, болғанымша, жаңағы қыз, артымнан келіп, қайтадан қылқылдап тұрып алғаны бар емес пе. Мен оның бетіне сәл қарап тұрып сен не деген айтқанды ұқпайтын қызсың. Айттым ғой десем, бағанағы сөздерін қайталап өзіме ұрысқаны барма. Мен не қылсаң оғыл дегендей, оған көңіл бөлмей, өз жұмысымды істеп жүре бердім. Ауланы басқан арықтағы судың басын байлау үшін арықтың жоғарғы жағына барып, арықтың сағасына шөп шалам тастап жатыр едім, артымда біреудің тұрғанын сездім. Бұрылып қарасам, әлгі көршінің қызы, аузымды ашып - жұмғанша, өзімме ұрсып қоя берді. Бір жағынан өзімнің бұл қыздың «қырсықтығына» күлкім кеп, біржағынан мына кішкентай бөлеге сұрағанын беріп құтылмасам, жанымды қоятын емес деп, қалтамдағы барымды беріп зорға құтылғаным бар.

Қазір енді, сол қыздың бір беткейлігіне және қайтпастығына таңқалып отырмын. Мен үлкен кісі болсамда 6 жасар қыздан жеңілгеніме, сол қыздың көздеген мақсатына жетуге деген сенімділігіне қайран қалып отырмын.

Міне, осыған қарап «мақсатыңа сенсең, армандағаныңа қол жеткізесің» деген сөздің растығына сенгендей болып отырмын.

Әр бір кемел жасқа жеткен адам, ақша күшінің мәнін түсініп, оны иемденгенді арман қылады. Бірақ құр арман молшылыққа, байлыққа әкелмейді. Тек сол ақшаға жетудің жолы құштарлық талпыныс пен қайтпас қайсарлық пен беткейлігі, қажымас қайрат сол ақшаға жетудің мүмкіндігін жақындатады.

Ойыңызды ақшаға айналдыратын алты қадам.

Үлкен арманыңызды қаржы-қаражат түріне айналдырудың әдісі жоқ емес. Сол әдіс алты тәжірибелік қадамнан тұрады:

1. Қалауыңыздағы ақша мөлшерін нақты етіп белгілеп айқындаңыз. Бұл жерде «маған көп ақша қажет» деген ұғым жеткіліксіз. Өйткені ақшаның мөлшері нақты әрі айқын болу керек.

2. Осы ақшаға жету үшін, балама ретінде не бере аласыз. (мысалы: өзіңіздің күш жігеріңізді, ақыл ойыңызды, тапқырлығыңызды, біліміңізді және тағы басқа).

3. Қалауыңыздағы ақшаны иеленудің нақты уақытын анықтаңыз. (нақ келесі жылдың 1 ақпанында және тағы басқа).

4. Өзіңіздің қалауыңыздағы іс әрекетті жүзеге асырудың белгілі бір жоспарын құрыңыз және бұл жоспарды жүзеге асыруды кейінге қалдырмай іске асыруды қолға алыңыз. (Мысалы, қағаз бетіне немен шұғылданса болады, оның шығыны мен пайдасын есептеңіз, немесе зат не товар шығарғыңыз келсе, оның нарыққа қаншалықта қажет екені және ол туралы информация жинау тағы тағылар).

5. Сіздің қалауыңыздағы ақша мөлшерін, ол ақшаны табу үшін сіз қандай үлес қосатыныңызды, оны жүзеге асыру жоспарын (оның күнін қашан және қай кезде, қанша уақыт ішінде) қағаз бетіне айқын, нақты, әрі түсінікті етіп жазып қойыңыз.

6. Жазғаныңызды күніне екі рет дауыстап оқыңыз. Әсіресе кешке жатар алдында және ертеңгісін оянған соң.

Жазғандарыңызды оқыған кезде, қалауыңыздағы ақша мөлшерін жән-тәніңізбен сезініп, қалауыңыздағы ақша сіздің иелігіңізде деп көз алдыңызға елестетіп бар ой-санаңызды тек соған бағыттаңыз.


Жоғарыда айтылған қадамдарды инструкцияланып және қатаң түрде орындау, ең маңызды іс болып табылады. Әрине, қалауыңыздағы ақшаны иемденгенді елестету сізге қиын болуы мүмкін. Бірақ, сізді ақша қажеттілігіне деген құштарлық сезім

билесе, онда өз-өзіңізді көп ақшаның қожайыны етіп сендіру қиынға соқпас деп ойлаймын.

Қазіргі таңдағы, қауырт өзгеріп жатқан өмір өндірістің жаңа әдісі, маркетинг яғни нарық мүмкіндігін зерттеуде жаңа әдістер, жаңа тауар секілді жаңа идеялармен ойларды қажет етеді. Сондықтан да сіздің ақша табу мүмкіндігіңіз де сан алуан. Сіз өзіңіздің іс әрекеттіңіздің жоспарын құру барысында, сіздің ойыңызбен арманыңызды әшкерлеп, мазақ қып, жоққа шығарушылардан бойыңызды аулақ ұстаңыз.

Бұл істе жеңіп шығу үшін, өз заманында өзінің оймен ашқан жаңалығы үшін қуғын-сүргінге ұшырап, өз замандастарымен әшкереленіп, бірақ кейінен ұлы атаққа, даңққа, байлықпен абыройға ие болған адамдардың істерімен жеңістерін үлгі етіңіз.

Мысалы Б. Тернердің есімі сізге таныс болмауы мүмкін. Ол туралы айтар болсақ, бұл кісі миллиардер, дүние жүзіне әйгілі телемагнат, Америкалық арманды жүзеге асырушы. Осы күнгі бар ғаламдағы жаңалықтарды көбінесе теледидардан естейміз, ол теледидар арналарындағы информацияны дүние жүзіне әйгілі CNN телеарнасы көрсетеді. Басқа телеарналар содан көшірмесін алады. Осы CNN телеарнаның иесі жаңағы айтқан Б. Тернер.





Б.Тернер өзінің естелігінде: «Менің осы телеарнаны ашу үшін кредит алуыма тура келді. Менің жақын жолдастарым,

көмекшілерім бұл ісімді ақмақтық деп есептеді. Олар маған: сенің есің дұрыс емес, ертең жұмысың жүрмей қалса, кредитті немен жабасың, бұл дегенің барып тұрған ақмақтық деді. Бірақ мен олардың айтқан сөздеріне ден қоймай алдыма қойған мақсатымды орындау үшін бел шешініп кірістім. Шындығына келсек сол кезде, менен *«ей Тернер не жоспарың бар, жұмысыңды жүзеге асыруға»* деп біреу сұраса не деп жауап берерімді білмейтін едім. Өйткені, сол кезде менде жоспарда, не қосымша қаражатта жоқ еді. Тек өзімнің арманыммен, өз-өзіме деген сенімім болды. Көп ұзамай, несиені бірге алып, бірге жұмыс істейміз деп ант еткен серіктес жолдасым, осы ісімізден түкшықпас деп, мені барлық қиындықпен тастап кетті. Бірақ, өз ісіме деген сенімім, өзімнің ой-санам бұл істі алға алып шығуға септігін тигізді. Арада жылдар өтіп, менің ісім өрге басып, ақырында мен өзімнің арманыма қол жеткіздім» -дейді ол. Сондықтан да, өз ісіне, мақсатыңа, ой-арманыңа берілгендігің әрқашанда сені көздеген мақсатыңа жеткізеді.

Бүгінгі күні, әлемге әйгілі миллионерлердің өзі, өзінің ой-арманын жүзеге асыруда талай қиындықты бастан кешірген. Олардың ойынша: *«Адам өзінің жеңілісін өзі мойындап, күдер үзбесе, оның арманын мақсатын жоққа шығару мүмкін емес»*. Өйткені, жаңа ой өріс, жаңа дем, күш жігер, ісіңіз тығырыққа тіреліп, қиындық туғанда ғана ойды тағы бір ойға, мақсатқа жетелейді.

Нені есте сақтаған дұрыс:


Сіздің ой-арманыңыз бен қалауыңыздың мақсаты, сіздің барлық күш-жігеріңізді тек жеңіске бағыттайды. Сол себептен, сіздің жеңіске жетуіңіз-алдын ала айқындалған, бар мәселе тек уақытта. Уақытша қиыншылық сізді баптап, алдағы жеңіске деген сеніміңізді артыра түсіреді.

Сенім

Сенім дегеніміз-өз-өзін сендіріп ой санаңызға әсер етіп сөз немесе ұғымның бірнеше мәрте қайталануының нәтижесінде пайда болатын ақыл ойдың жағдайы.

Жоғарыда айтылған тұжырымға сәйкес, осы кітапты оқу мақсатының көрінісін сипаттайық. Сіздің бұл кітапті оқуыңыз, ойыңыздағы қалауыңызбен арманыңызды заттық формаға айналдыруды көздейді. Сол себептен, осы жерде сенімнің атқаратын ролі зор. Бүгінгі күні сеніміңізді арттырудың әдісі белгіленген ұғымдармен сөздерді бірнеше рет қайталау болып

отыр. Сондықтан да сенімді күшейтудің бірден бір жолы, сол сенімге қатысы бар сөздерді ұғымдарды қайталау. Өйткені, ол мидың белгілі бір ойды қабылдау мен оның қайталануына байланысты. Мысалы: 3 сынып оқушысы көбейту таблицасын жатқа біледі. Егерде біз одан $2 \times 2 =$ қанша болады десек, ол кідірместен 4 болады деп жауап береді. Ал одан бұл сан яғни 4 қалай құралады деп сұрасақ ол білсе де, біраз кідіріп сасып қалады. Өйткені, ол осы сандардың қалай құралатынын емес, тек көбейту таблицасын ғана жаттаған. Сол себептен бұл таблица бірнеше мәрте қайталанып оқып жатталғанның нәтижесінде мидың қабылдау жүйесімен үндесіп, жадында ұмытылмастай болып жазылған.



Осыған орай, мына тұжырымды қарастырайық. Барлық ойлардың, көңіл-күйдің ырғағымен сүйемелденіп, сенімменен ұштасуының жиынтығы міндетті түрде заттық формаға айналады.

Адамның ой-санасы, оның ой импульсі оң немесе теріс нәтижеге әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл құбылысты халық күнделікті өмірде «сәтсіздік» немесе «жолы болмаушылық» деп айтады.

Миллиондаған адамдар кедейшілік пен қайыршылықта өмір сүруге мәжбүр. Олар бұны белгілі бір күштің нәтижесі, сол күштің әсерінен сәтсіздікке ұшырап, бастаған ісіміздің

жолы болмай, соның себебінен осындай күйде күн көруге мәжбүр болдық дейді. Ал шын мәнісінде сол күштің себебі сол адамдардың ой-санасы болып табылады. Олардың ой-санасы ойдың теріс импульсіне ұшырап, өздерін қоршап тұрған ортаны тудырып отыр. Жай сөзбен айтқанда адамдар өз бақытсыздықтарын өз қолымен жасайды. Сіздің сеніміңіз сіздің бастапқыдағы сүйенішіңіз. Ең бастысы көңіл-күйіңіздің тек оңтайлы жағдайда болуын ынталандыру болып отыр. Өйткені оңтайлы күйге толы ой-сана молшылықпен бай-қуаттылықтың өсіп жетілуіне әкелетін ақылдың қайнар көзі. Бұл біздің жағдайымызда - сенім болып отыр. Өйткені, сенім сіздің ой-санаңызға күш-қуат береді.

Сондықтанда, өзіңізге және сіздің ақылмен ой-санаңыздың мүмкіндігіне сеніңіз. Өйткені:

Сенім- ой импульстеріне күш беретін шипа суы.

Сенім- молшылықпен байлыққа апарар жолдың бастапқы нүктесі.


Сенім- сөзбен жеткізіп түсіндіруге мүмкін емес барлық ғажайыптардың негізі.

Сенім- сәтсіздіктен айығудың бірден бір жолы.

Сенім- адамның жоғарғы деңгейдегі ойдың күшіне ұласуға мүмкіндік беретін жалғыз құбылыс.

Адам баласының ой-санасының ерекшелігі өзіне жаңа идеялармен ойларды тартып, соның нәтижесінде жаңа әрі күрделі ойлардың туындауына әкеледі. Кез келген идеямен

ойды санаңызда ұстап отырып, ойдың қайталануын жүзеге асыру қиын нәрсе. Сол себептенде өзіңіздің басты мақсатыңызды, ой-арманыңызды қағаз бетіне жазып, күніне 2 мәрте дауыстап оқуыңыз қажет. Және бұны сіздің ауызыңыздан шыққан ой-арманыңыздың дыбыстық



сипаттамасы, миыңыздың қабылдау жүйесіне әсер етіп, ой-санаңызға толығымен жазылып, өз дене бойыңызда сенімділіктің пайда болу кезіне дейін тоқталмауы тиіс. Көп адамдар осы сәтте өзіне деген сенімділіктің жетіспеушілігінен қиындыққа кездеседі. Бұл кемшілікпен күресудің бірден-бір амалы өз бойында ерлікке толы рухты тәрбиелеу болып отыр.

Сол себептен, өзіңізге деген сенімділікті арттырудың 5 нышанын ұсынып отырмыз:

1. Мен өмірде қойған мақсатыма жететініме сенімдімін, мен өзімнен осы бағытта бар күш жігерімді салуға, ұмтылуға уәде беремін;

2. Мен өз ойымдағы қалауым мен арманымның орындалып ақыр аяғында заттық формаға әкелетініне сенімдімін, сонымен қатар мен күніне кемдегенде 30 минуттай өз арман қалауымның ойша көрінісін елестетуде бар ынта жігерімді салып, нақты көріністің бейнесін көзалдымда суреттеймін.

3. Менің кез келген қалауымның орындалуына еш кедергі жоқ екеніне сенімдімін. Сол себептен, мен күніне өз

уақыттымның 10 минутын өзімнің өзіме деген сенімділікті тәрбиелеуге бөлемін.

4. Мен өзімнің ең басты өмірлік мақсатымның көрнісін нақты әрі айқын көремін және білемін. Мен алдыма қойған мақсатымды орындаудан еш қашанда бас тартпаймын.

5. Мен өз қалауыммен арманымды тек заңды түрде және жалпы қоғамдық әділеттілік негізінде жүзеге асырамын. Мен өз істерім мен ойымды жүзеге асырғанда қоршаған ортаға, адамдарға жамандық келтіруге жол бермеймін. Мен өз арманым мен қалауымды жүзеге асыру барысында тек өз күш жігеріме сеніп, басқа адамдарға ақыл, кеңес беруден бас тартпаймын. Адам баласының қызғаншақтық, көре-алмаушылық, эгоизм және басқаларды күлкі мазақ етіп кемісіту секілді кемшіліктері жақсылыққа жетелемейтінін білемін және одан өз бойымды аулақ ұстауға сенімдімін. Мен өзімнің іс әрекеттерімді және ойымды тек жақсылыққа арнайтынымды, және басқаларға көмек беруден тайынбайтындығыма сенімдімін.

Сәттіліктің құпиясының тамары табиғаттың заңында жатыр, оны түсіндіру әлі ешкімнің қолынан келген емес. Ең бастысы ол сәттілік ой арқылы іске асып отыр және біздің тарапымыздан бұл мүмкіндікті тек адам баласының игілігіне ғана арнауымызда. Сондықтанда, біз мынадай тұжырымға келіп отырмыз: кімде кім өмір бойы сәтсіздікке ұшырап, кедейшіліктен көз ашпаса, бар кінә оның өзінен. Өйткені ол өз-

өзін теріс импульсті ой- санаға сендіріп, өзін кедейліктің ортасына әкеліп отыр. Себебі ойдын импульстік ерекшелігінде. Оның заттық формаға немесе шынайы өмірге айналу мүмкіндігінде. Осы арада орыс халқының сөзі орынды деп айтуға болады. Онда «Қамалумен қарыздануды дәріптеме» деген сөзі ойға келеді. Өйткені көп адамдар өзгелердің қиын жағдайын әшкерлеп, оған сын айтып, өздерінің сөздерін әдетте мынадай сөздермен бастайды: «егерде сенің орнында мен болғанда, сен сияқты түрмеде отырмайтын едім», немесе «мен сен секілді қарызға өлсемде батпас едім» тағы басқа. Оның себебі: Сіздің ой импульстеріңіз заттық формаға немесе шынайы өмірге айналу барысында, оң немесе теріс құбылыстарды ажырата алмайды. Яғни өзіңіздің ойыңызды жаман оймен толтырсаңыз, ол ойдың импульстік ерекшелігі сізді міндетті түрде жамандыққа апарады.

Сіздің ойыңыздың импульстік көрінісі сізді кез келген жақа апарып тастайды. Мысалы: Желкенді қайықтың бағытын жел айқындайды. Жел батыстан тұрса, желкенді қайық шығысқа қарай жүреді. Сіздің ойыңыз да тұра сол секілді. Бұл арада жел - сіздің ойыңыз, ал желкендей қайық - сіз болып табыласыз. Сондықтан да, өзіңізді шынайы өмірде кедейшілік пен жоқшылықтың ортасында болмасын десеңіз, ойыңызды тек жақсылыққа бағыттаңыз.

Сонымен, айтарым молшылықпен байлық сіздің ол туралы ойыңыздан басталады.

Нені есте сақтаған дұрыс:

Сенім дегеніміз- сәттіліктің теңдесі жоқ бөлігі. Сенім - белгілі бір сөздермен ұғымдардың көмегімен ой-санаңызға әсер етеді, көңіл-күйіңіздің жағдайын білдіреді.